

## **Анықтауды бастау және кейбір кондитер бұйымдары түрлерінің импортына уақытша қорғау шараларын енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1448 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.*

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес және ішкі рынокта тең бәсекелестік жағдайлар жасау, экономикалық ахуалды тұрақтандыру және отандық өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарларға қатысты анықтауды бастасын.
2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі анықтау рәсімі аяқталғанға дейін заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарлардың импортын лицензиялауды жүзеге асырсын.
3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарлардың импортына алты ай мерзімге уақытша қорғау шаралары енгізілсін.
4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті тауарлардың импорты кезінде кеден бажының қолданыстағы ставкасының үстінен алынатын уақытша қорғау баждарын осы қаулыға қосымшаға сәйкес мөлшерде депозитке енгізісін.
5. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетін анықтаудың басталғандығы және Қазақстан Республикасының уақытша қорғау шараларын қолданатындығы туралы хабардар етсін.
6. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2004 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1448 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін,  
оларға қатысты анықтау рәсімі басталатын және  
уақытша қорғау баждары енгізілетін  
тауарлардың тізбесі

Тауардың атауы	ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН бойынша  тауардың коды	Уақытша қорғау бажының ставкасы (кедендік құнының %-мен не евро-мен)
Құрамында какао жоқ, қоспа салынған немесе салынбаған қ а й н а т ы л ғ а н	1704907100	21, бірақ 1 кг үшін 0,15 евро-дан кем емес
Тоффилер, карамельдер және құрамында какао жоқ соған ұ қ с а с	1704907500	42, бірақ 1 кг үшін 0,28 евро-дан кем емес
Құрамында алкоголь бар, қоспа салынған немесе с а л ы н б а ғ а н	180690	32, бірақ 1 кг үшін 0,21 евро-дан кем емес
к ә м п и т т е р	т ә т т і л е р	ш о к о л а д т ы